

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№ 53 МЕКТЕП – ЛИЦЕЙ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ № 53»  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА КАРАГАНДЫ  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

« 12» 08 2023 ж. № 257

Қарағандықаласы

город Караганда

### Конкурсты өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 "мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидалары" бұйрығының, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы "22" желтоқсандағы № 513 бұйрығының қосымшасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылдың 14 тамыздан 22 тамызға дейін "№53 мектеп-лицей" КММ-де педагогтардың бос және уақытша бос лауазымына конкурс жариялансын. (Жауапты: Н. Хиса )
2. Педагогтерді лауазымға тағайындау, лауазымнан босату үшін, сондай-ақ мемлекеттік білім беру ұйымының педагог лауазымына орналасуға конкурс өткізу үшін келесі құрамдағы комиссия сақталсын:
  - Н.Хиса - директордың ОЖ жөніндегі орынбасары, төраға;
  - Г.Н. Сыздыкова – қорғаншылық және қамқоршылық бөлімінің бас маманы, комиссия мүшесі;
  - Ж.У. Хамзина – директордың ОЖ жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
  - Н.Ю. Жуковская – директордың БО жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
  - Т.В. Ходко – директордың БО жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
3. Конкурстық комиссияның хатшысы болып орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Е. М. Перепелкина тағайындалсын.

4. А.Х. Имаева конкурстық комиссияның отырысын аудиобейне жазбамен сүйемелдесін және бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақтасын.
5. Комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы конкурсты ұйымдастыру тәртібін сақтасын:
  - тиісті деңгейдегі білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында конкурс өткізу туралы хабарландыруды жарияласын ( жауапты: А.Х. Имаева);
  - конкурсты өткізу күні мен орнын айқындасын және конкурстық комиссияны қалыптастырсын (жауапты: А.Х. Имаева);
  - конкурсқа қатысуға ниет білдірген үміткерлерден құжаттарын қабылдасын (жауапты: А.Х. Имаева)
  - үміткерлердің құжаттарының педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамалары мен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарасын (Жауаптылар: комиссияның барлық мүшесі);
  - конкурстық комиссияның қорытынды отырысына (жауапты: Н.Хиса).
6. Конкурс өткізу мерзімі: 7 жұмыс күні (сенбі, жексенбіден басқа) 14 тамыздан 22 тамызға дейін – құжаттарды қабылдау мерзімі бекітілсін; кандидаттың құжаттары қабылданғаннан кейін 23 тамыздан 25 тамызға дейінгі 3 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық сервисі арқылы сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасау туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы сұрау салу құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық сондай-ақ білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаментке педагог мәртебесі туралы Заңнаманы бұзу туралы; құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін 2023 жылғы 23 тамыздан 29 тамызға дейін 5 жұмыс күні ішінде кандидаттардың құжаттарының педагогтердің үлгілік біліктілік талаптарымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігіне қарау жүргізілсін.(жауапты: Н. Хиса ).
7. Конкурс нәтижелерін мектеп-лицейдің интернет-ресурсында, ұйымның әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында конкурстық



комиссияның қорытынды отырысының өткізілетін күнін орналастыру жауапкершілігі А.Х. Имаеваға жүктелсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік комиссия төрағасы Н. Хисаға жүктелсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор  А. Садвакасова

